# Халыққа көрсетілетін медициналық көмектің түрлері мен принциптері

# Жоспар

Медициналық көмектің негізгі түрлері:

- 1) алғашқы медициналық-санитарлық көмек;
- 2) білікті медициналық көмек;
- 3) мамандандырылған медициналық көмек;
- 4) жоғары мамандандырылған медициналық көмек

Біздің елімізде әр азамат кепілденген мөлшерде тегін медициналық көмек алуға құқығы бар.(КМТМК)

Кепілденген мөлшерде тегін медициналық көмек ҚР азаматтарына және мемлекеттік бюджет қаражатындағы оралмандар көрсетілетін медициналық көмектің түрін,көлемін, медициналық көмек  көрсету жағдайын анықтайды. Тегін медициналық көмектің мөлшерін халықтың сұранысын сараптау негізінде ертерек,алдағы қаржы жылында анықтайды.

Медициналық көмекті денсаулық сақтау ұйымдары және жекеше медициналық іс-тәжірибемен шұғылданатын жеке тұлғалар жүзеге асырады.

Медициналық көмектің негізгі түрлері:

1) алғашқы медициналық-санитарлық көмек;

2) білікті медициналық көмек;

3) мамандандырылған медициналық көмек;

4) жоғары мамандандырылған медициналық көмек

**Алғашқы медициналық-санитарлық көмек** - денсаулық сақтау кызметінің, ауруға шалдыққан тұрғындармен бірінші қатынас деңгейінде жүргізетін, емдеу - аурудың алдын алу, санитарлық- гигиеналық шаралар жиынтығы.

**Мақсаты**

- денсаулықты нығайту
- профилактика
- емдеу

# Алғашқы медициналық-санитарлық көмек

1/Алғашқы медициналық-санитарлық көмек - азаматтардың медициналық көмек алуға сұранысы кезінде амбулатория-емхана медицина ұйымдарының медицина қызметкерлері жүзеге асыратын, халықты медициналық көмектің қолжетімді түрлерімен тұрақты түрде және тегін қамтамасыз ету жөніндегі мемлекеттік қызмет және оған:

1) неғұрлым кең таралған аурулардың диагностикасы және емдеу, сондай-ақ жарақаттану, улану және кешеуілдетуге болмайтын басқа да жағдайлар;

2) санитарлық-гигиеналық, эпидемияға қарсы іс-шаралар және аурулардың профилактикасы;

3) халықты гигиеналық оқыту мен тәрбиелеу, отбасын, ананы, әкені және баланы қорғау;

4) халықтың сумен қамтылу қауіпсіздігі және кенеулі тамақтануы жөніндегі түсінік жұмыстары кіреді.

## Амбулаторлы-емханалық көмек

Амбулаторлы-емханалық көмекке алғашқы білікті медико-санитариялық және арнайы медициналық көмек азаматтарға госпитализациясыз көрсеткен көмек жатады. Амбулаторлы-емханалық ұйымның қызметі азаматтарға көмек көрсетуде олардың тұрған орындарында қолайлы медициналық көмек көрсетуді қамтамасыз ету,олардың өз таңдауларына құқылылығын есепке алу мақсатында құрылған.

Көмек учаскелік терапевттермен, педиатрлармен,акушер-гинекологтармен, жасөспірімдер кабинетінің дәрігерімен,жалпы тәжірибе дәрігерлерімен,фельдшермен және акушеркамен,медициналық қызметкерлермен және арнайы мамандармен көрсетіледі.Мамандардың қызметіне денсаулық сақтау өкілетті ұйымдарының бекіткен стандарттарына сай келетін сақтандырушылық,диагностикалық және емшілік қыз- меттер жатады.

Стационарды ауыстыратын медициналық көмек

Стационарды ауыстыратын медициналық көмек – бұл медициналық көмек көрсетудің стационарлық бөлімнің күндізгі (палатада) болуы,емдік жәнесауықтыру қызметтерін көрсететін емхананың күндізгі стационары, денсаулық сақтау ұйымындағы үйдегі стационар

Стационарды ауыстыратын бөлімдердің салалары:хирургиялық,акушерлі-гинекологиялық,терапевтік,педиатрлық

## *Жедел медициналық көмек*

*Азаматтарға жедел медициналық көмекті денсаулық сақтау ұйымы,сол сияқты апат жағдайларда,жарақат,улану кездерінде немесе басқа ауру жағдайларында медициналық тәжірибеден өткен жеке тұлғалар шұғыл медициналық көмек көрсетеалады. «Шұғыл» медициналық көмек дегенге барлық патологиялық жағдайға жедел,ішкі және сыртқы факторлармен,жағдайының  өте ауырлығына қарамастан,тез диагностикалық немесе емдік қызметтерді көрсету жатады.*

*Төтенше жағдайларда көрсетілетін көмек*

*Үкімет ТЖ кезінде көрсетілетін медициналық көмек тәртібі мен түрлерін,көлемін бекітті. ТЖ-да халыққа медициналық көмек ТЖ-дың категориясына қарай,сондай –ақ ауқымы мен сипатына және оның медико – санитарлық салдарына қарай көрсетіледі.*

# Білікті медициналық көмек

1. Білікті медициналық көмек - азаматтарға ауырған кезде көрсетілетін, диагностиканың, емдеудің мамандандырылған әдістерін және күрделі медициналық технологияларды пайдалануды талап етпейтін дәрігерлік медициналық көмек.

2. Білікті медициналық көмек көрсету тәртібін денсаулық сақтау саласындағы уәкілетті орган белгілейді.

2/Алғашқы медициналық-санитарлық көмекті денсаулық сақтау ұйымдары және мемлекеттік санитарлық-эпидемиологиялық қызмет орындары қамтамасыз етеді.

3/ Халыққа алғашқы медициналық-санитарлық көмек амбулатория-емхана, стационарды алмастырушы және жедел медициналық көмек нысанында көрсетіледі.

4/Алғашқы медициналық-санитарлық көмектің түрлері мен көлемін денсаулық сақтау саласындағы уәкілетті орган және облыстардың, (республикалық маңызы бар қаланың, астананың) денсаулық сақтауды мемлекеттік басқарудың жергілікті органдары белгілейді.

5./Алғашқы медициналық-санитарлық көмекті ұйымдастыруды жергілікті мемлекеттік басқару органдары Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес жүзеге асырады.

- ***Мамандандырылған медициналық көмектің  түрлері:***

- терапиялық
- хирургиялық
- педиатриялық
- акушерия-гинекологиялық

# Мамандандырылған медициналық көмек

1. Мамандандырылған медициналық көмек - диагностиканың, емдеудің арнайы әдістерін және күрделі медициналық технологияларды пайдалануды қажет ететін аурулар кезінде медициналық ұйымдардың азаматтарға көрсететін медициналық көмегі.
2. Мамандандырылған медициналық көмекті денсаулық сақтаудың көп бейінді ұйымдары амбулатория-емхана немесе стационарлық медициналық көмек нысанында көрсетеді.
3. Мамандандырылған медициналық көмектің түрлері мен көлемін денсаулық сақтау саласындағы уәкілетті орган және облыстардың, (республикалық маңызы бар қаланың, астананың) денсаулық сақтауды мемлекеттік басқарудың жергілікті органдары белгілейді.

# Жоғары мамандандырылған медициналық көмек

1. Жоғары мамандандырылған медициналық көмек - диагностика мен емдеудің ерекше күрделі әдістерін, сондай-ақ бірегей медициналық технологияларды пайдалануды талап ететін аурулар кезінде медициналық ұйымдардың азаматтарға көрсететін медициналық көмегі.
2. Жоғары мамандандырылған медициналық көмек көрсететін медициналық ұйымдардың қызметін үйлестіруді денсаулық сақтау саласындағы уәкілетті орган жүзеге асырады.
3. Жоғары мамандандырылған медициналық көмектің түрлері мен көлемін денсаулық сақтау саласындағы уәкілетті орган белгілейді.

- Диагнозды теңестіруде қиындық туындаған жағдайда мамандандырылған медициналық көмек көрсетудің кез-келген деңгейінде, сондай-ақ өзге де айғақтар кезінде, оның ішінде науқасты тасымалдау ыңғайсыз болған жағдайда, қажет кезінде республикалық деңгейдегі консультантты қосу, қажетті мамандарды тарту арқылы консилиум ұйымдастырылады.
- Тегін медициналық көмектің кепілдік берілген көлемінен тыс мамандандырылған медициналық көмек Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес ақылы негізде көрсетілуі мүмкін

- **ЖММК-ті алу үшін қажетті құжаттар тізімі:**

- жеке куәлік;
- алғашқы медициналық көмектің немесе клиникалық диагнозын көрсеткен медициналық ұйымның жолдамасы;
- қажетті тексерістердің қорытындысы (жалпы зәрді талдау (анализ),жалпы қанды ажырату, ішек құрты жұмыртқасына нәжісті талдау, кеуде клеткасына флюорография, электркардиограмма);
- зертханалық және аспаптық тексерулердің нәтижесінде, жолдама берілген диагнозы немесе операция алдындағы зерттеудің қорытынды диагнозы;
- барлық қажетті құжаттарды ұсынған соң, аймақтық ЖММК комиссиясы өтініш қаралған азаматқа ЖММК-тің маңыздылығын анықтап, оның денсаулық жағдайына, қажетті медициналық зерттеуге қарап, есеп формасын беруге шешім шығарады

медициналық көмекті меншік нысанына қарамастан Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес берілген медициналық және дәрігерлік қызметке тиісті лицензиясы бар медициналық денсаулық сақтау ұйымдары көрсетеді

Диагнозды теңестіруде қиындық туындаған жағдайда мамандандырылған медициналық көмек көрсетудің кез-келген деңгейінде, сондай-ақ өзге де айғақтар кезінде, оның ішінде науқасты тасымалдау ыңғайсыз болған жағдайда, қа. Мамандандырылған медициналық көмекті көп бағдарлы денсаулық сақтау ұйымдары амбулаториялық-емханалық немесе стационарлық көмек нысанында көрсетеді.



Медициналық жабдықтармен жабдықтау деңгейі
70
65
60
55
50
ФП
ФАП
Ауылдық ОДА
Қалалық ОДА
2006 жылдың 9 айына



70%
35%
0%
60,9%
35,9%
3,3%
60,8%
35,8%
3,4%
60,8%
35,0%
4,2%
2007
2008
2009
Стационарная помощь
Амбулаторная помощь
Стационарозамещающая помощь

# *Структура проведенных экспертиз за 2010 год*



# Финансирование отрасли «Здравоохранение» по видам медицинской помощи




2009 год

2008 год

# Удовлетворенность населения качеством медицинской помощи по результатам социологического опроса за 2010 год

*Опрошено: 11103 респондента*
*Удовлетворены качеством медицинской помощи всего: 74,9%*
*Не удовлетворены: 19,0 %*
*Затруднились ответить: 6,1%, в т.ч.:*




ИЮН 2 2010


SoftNews Media Group


диагностика
осмотр
профилактика
лечение


БЕСПЛАТНО
ПРЕДОСТАВЛЯЕТСЯ
ПЕРВИЧНАЯ МЕДИКО-САНИТАРНАЯ ПОМОЩЬ, в том числе неотложная медицинская помощь
СПЕЦИАЛИЗИРОВАННАЯ МЕДИЦИНСКАЯ ПОМОЩЬ
СКОРАЯ МЕДИЦИНСКАЯ ПОМОЩЬ, в том числе специализированная (санитарно-авиационная)
СПЕЦИАЛИЗИРОВАННАЯ ВЫСОКОТЕХНОЛОГИЧНАЯ МЕДИЦИНСКАЯ ПОМОЩЬ
финансируется за счет средств обязательного медицинского страхования
финансируется за счет средств консолидированного бюджета
финансируется за счет средств федерального бюджета
ПРОГРАММА ГОСУДАРСТВЕННЫХ ГАРАНТИЙ


Обращение к «узким» специалистам
Обращение к специалистам общего профиля
Обращение в первичное звено медицинской помощи
Появление симптомов
Досимптомная стадия заболевания
Состояние полного здоровья

- Қорыта келгенде,бүгінгі таңда ҚР-да халыққа мамандандырылған медициналық қызмет көрсету түрлері дамып,диагностикада кеңінен қолданылуда. Осы медициналық көмектің барлық түрлері халықтың денсаулығының жақсаруына барынша жағдай жасайды.